

# I деңгей

# Пасха аралы

# Орналасқан







Пасха аралы - Тынық мұхиттың шексіз кеңістігіндегі шағын жер ауданы. Ол Чилиге тиесілі, аумағы 165 шаршы шақырымнан сәл артық, және арал формасы үшбұрышқа ұқсайды.

# Халқ





Халық саны шамамен 4660 адамды құрайды. Олар балық аулаумен және қой шаруашылығымен айналысады.

# Ту







Қызыл сурет қайықты бейнелейді деп саналады. Сонымен қатар, жарты ай аралдың өз сұлбасына ұқсайды.

# II деңгей

Пасха аралының мемлекеттік тілі – испан және рапануальық тілдер. Рапуандық тілде 14 әріп бар: 9 дауыссыз(G, H, K, M, N, P, R, T, V), 5 дауысты (A, E, I, O, U).

Арал және оның адамдарының бастан кешірген қиыншылықтарына байланысты (кландық соғыс, індет, ағаштардың абайсызда кесілуі) ,рапуандық тілде сөйлейтін қазіргі заманғы адамдардың саны шамамен 2,5 мың, оның 2200-і Пасха аралында өмір сүреді, тагы 300-і Чили, Таити, Француз Полинезиясы және Америка Құрама Штаттарында тұрады.

Тілі

Тарихы

Өзінің ерекше атын бул арал кездейсоқ алған жоқ: голландық матростар арал жеріне пасханың бірінші күні 1722 жылы келді. Бул аралға арналған өзге де аттар бар - Рапа-Нуи (Rapa Nui) - Үлкен Ескек және Те-Пито-о-Те-Хенуа - Пуп Вселенной, Мата-Ки-Те-Ранге - Аспанға қарайтын көз.



Пасха аралының ғажайыптарының бірі ол- Моаи тас мүсіндері. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде Пасха мүсіндерінің бас бөліктерінен бөлек дене тұлғалары да табылған. Ең қызығы, ғалымдардың ешқайсысы бұған дейін тарихи ескерткіштердің қосалқы бөліктері барын ойламаған.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері құпияға толы мүсіндердің салмағы 6 тонна, ал биіктігі адам бойынан біршама ұзын екенін көрсетті. Мұндай мүсіндер Пасха аралында 100 жыл бұрын мекендеген тайпаларда маңызды рөл атқарғандығын білдіреді.



Анга-Роа (испандық Hanga Roa) - қала, әкімшілік орталық және Пасха аралындағы бір ғана тұрақты тұрақтанған жер.
Оның халық 3,4 мың, біракта аралда 3,7 мың адам өмір сүреді (2005).

# III денгей

- Испан тілінің базалық сөздерін жаттап барар едім. Аралдың ауа райына сай киім дайындайтын едім.

- Өзіммен бірге компас және карта және Қазақстанның  туын алып кетер едім.Сол елдің адамдарына өз елімді таныстырар едім.

- Қайтарымда Маои тас мусіндерінің сувенирін міндетті түрде алып келер едім. Себебі ол мүсіндердің өзіндік бір қасиетті күші бар секілді. Және де 21 ғасыр болғандықтан естелікке міндетті түрде суретке түсер едім.

# IV деңгей

## Ұқсастығы

Пасха аралы мен Қазақстанның ұқсастығы мүлдем жоқ.

## Айырмашылығы

Пасха аралында талдар мүлдем жоқ десек те болады , ал Қазақстанда керісінше. Аралдың үш бұрыштарында жанартаулар шоғырланған, ал Қазақстанда мүлдем жанартау жоқ.

## ТАЙМ-МЕНЕДЖМЕНТ

1 сағ 50 минут

## ИНТЕНСИФИКАЦИЯ

Нақты мәдениеті жайлы және атақты адамдары жайлы мәлімет таба алмадым.